

**Баспасөз хабарламасы***Нұр-Сұлтан қ., 2019 жылғы 4 қараша***«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілердің сенімді және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету аясындағы жұмыстар барысы туралы хабарлайды**

2019 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілердің сенімді және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету аясында магистральдық мұнай құбырларының 1 105 құбыр ақауларын жойды. Жөнделуге тиісті бұл ақаулар «Жаңажол-Кеңкияқ», «Әлібекмола-Кеңкияқ», «Кеңкияқ-Орск», «Өзен-Атырау-Самара», «Мартыши-Атырау», «Т.Қасымов ат. МАС - «663км» МАС - АМӨЗ», «663км» МАС - АМӨЗ», «Комсомол – Мақат», «Прорва-Құлсары», «МАС-3-Қосшағыл», «Өзен - Жетібай – Ақтау» (2-тарау), «Қаламқас - Қаражанбас – Ақтау», «Солтүстік Бұзашы – Қаражанбас», «Құмкөл-Қарақойын» Ф530мм, «Құмкөл-Қарақойын» Ф720мм, «Құмкөл-Қарақойын» Ф820мм, «Павлодар-Шымкент», «Омбы-Павлодар» магистральдық мұнай құбырларының учаскелерін 2014-2018 жылдары құбыршілік диагностикалау кезінде анықталған.

«Атап айтқанда, екі жердегі ақаулы сегменттер кесіліп, «Павлодар-Шымкент» магистральдық мұнай құбырының «Павлодар» бас мұнай айдау станциясы (БМАС) – «Атасу» БМАС учаскесінде мұнай құбырының желілік ысырмасы ауыстырылды. Сондай-ақ, уақытша жөндеу құрылымы кесіліп, «Павлодар-Шымкент» магистральдық мұнай құбырының «Атасу» БМАС - Б.Жұмағалиев ат. БМАС технологиялық учаскесінде вантузды ысырма тоқтатылды, - деді «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының орынбасары Сәбит Арынов.

Ол сонымен қатар, Шымкент мұнай өңдеу зауытына мұнай тасымалданатын «Павлодар-Шымкент» магистральдық мұнай құбырын тексеру нәтижесінде «Шолақ-Қорған» БМАС - «ПетроКазахстан Ойл Продактс» қабылдау-тапсыру пунктінде майысқан жерлерді атап өтті. Деформациялар қиын бедерлі аумаққа жататын мұнай құбырының учаскесінде топырақтың қозғалуына байланысты пайда болды. «Павлодар-Шымкент» магистральдық мұнай құбырының 4 жеріндегі майысқандар кесіліп тасталды.

Сонымен қатар, 2019 жылдың 9 айында мұнай сақтауға арналған 4 резервуарға сыртқы коррозияға қарсы жабын, 10 резервуарға - ішкі коррозияға қарсы жабын жағылды. 35 резервуар тексерілді, оның ішінде 10 резервуарға толық диагностика, 25 резервуарға ішінара диагностика жүргізілді. 7 мұнай қыздыру пештеріне коррозиядан қорғау жұмыстары жүргізілді. 16 мұнай қыздыру пештеріне техникалық диагностика және сараптамалық тексеріс жүргізілді.

Магистральдық мұнай құбырлары объектілерінің сенімділігі мен апатсыз жұмыс жасауын арттыру күзет және өрт дабылын, автоматты өрт дабылы мен өртті өшіру электр басқаруды қайта құру жобаларын іске асырумен байланысты. Қазіргі уақытта «Созақ» мұнай айдау станциясы мен «Атасу» БМАС күзет және өрт дабылын қайта құру бойынша жұмыстар аяқталуда. Жұмыстар орындау кестесіндегі мерзімнен бұрын жүргізілуде. Объектілерді тапсырудың жоспарлы мерзімі – 2019 жылдың желтоқсан айы.

---

Жезқазған мұнай құбыры басқармасы өндірістік қызмет көрсету базасының күзет және өрт дабылы, «Шолақ-Қорған» бас мұнай айдау станциясының өр сөндіру электр басқарудың автоматты өрт дабылы жүйесі, Б.Жұмағалиев ат. бас мұнай айдау станциясы, «Сай Өтес» мұнай қыздыру станциясы қайта жаңғыртылуда. Объектілерді тапсыру мерзімі - 2019 жылдың желтоқсан айы.

**Анықтама:**

*«ҚазТрансОйл» АҚ - магистральдық мұнай құбыры бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км құрайтын магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие болып келеді. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың өндірістік объектілері Шымкент, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан.*

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс және  
ішкі коммуникациялар департаменті**